

КЕЛІСЕМІН:

Ақмола облысы
білім басқармасының басшысы
м.а. Ж.Баймакова


«__» _____ 2026 ж.



КЕЛІСЕМІН:

«Дарын» республикалық
ғылыми-практикалық
орталығының директоры
Т.Давлет

«__» _____ 2026 ж.



БЕКІТЕМІН:

«Астана қаласының, № 2
«Дарын» облыстық
мамандандырылған мектеп-
лицей-интернаты» КММ
директоры

Ж.Кұлмағанбетова

«__» _____ 2026 ж.



Ақмола облысы білім басқармасының «Астана қаласының, №2 «Дарын»
облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты» КММ

**2026-2027 оқу жылына арналған
ОҚУ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ**

Астана-2026ж

**Ақмола облысы білім басқармасының «Астана қаласының №2 «Дарын» облыстық
мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты» КММ-нің
2026–2027 оқу жылына арналған
ОҚУ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫНА
ТҮСІНІК ХАТ**

«Астана қаласының №2 «Дарын» облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты» КММ-нің 2026–2027 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспары мемлекеттік тілде білім алатын 7–11 сыныптарға әзірленді. Оқу жұмыс жоспары мектептің жаратылыстану-математикалық бағыттағы мамандандырылған білім беру ерекшелігін, білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктерін, пәндік қабілеттерін, білім алу қажеттіліктерін және дарынды балалармен жүргізілетін жұмыстың жүйелілігін ескереді.

Оқу жұмыс жоспарының мақсаты – мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында белгіленген білім мазмұнын толық меңгертумен қатар, білім алушылардың пәндік білімін тереңдету, функционалдық сауаттылығын дамыту, логикалық, сыни және шығармашылық ойлауын жетілдіру, зерттеушілік мәдениетін қалыптастыру, пәндік олимпиадаларға, ғылыми жобаларға және жоғары деңгейдегі зияткерлік сайыстарға жүйелі даярлау.

Мектептің білім беру ортасы теориялық білімді практикалық міндеттерді шешуде қолдануға, акпаратты іздеу, талдау және бағалауға, ғылыми болжам жасауға, модель құруға, дәлелді қорытынды ұсынуға, білім алушылардың дербес шешім қабылдауына және өз оқу нәтижесіне жауапкершілікпен қарауына бағытталады.

Оқу жұмыс жоспарын әзірлеудің нормативтік негіздері:

Білім беру ұйымы оқу процесін ұйымдастыруда Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» заңдарын және төмендегі нормативтік құқықтық, әдістемелік құжаттарды басшылыққа алады:

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары;
2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары;
3. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер мен таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламалары;
4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығымен бекітілген білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидалары;
5. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 26 мамырдағы №123 бұйрығымен бекітілген «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы;
6. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрығымен бекітілген орта білім беру ұйымдарында пайдалануға рұқсат етілген оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендердің тізбесі;
7. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары;
8. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген тиісті типтердегі және түрлердегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары;
9. «2026–2027 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат;
10. «Астана қаласының №2 «Дарын» облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты» КММ Жарғысы.

Оқу процесін ұйымдастыру ерекшеліктері:



2026–2027 оқу жылында білім беру процесі қазақ тілінде, жаратылыстану-математикалық бағытта жүзеге асырылады. Мектепте 7А, 7Ә, 7Б, 8А, 8Ә, 9А, 9Ә, 10А, 10Ә, 11А, 11Ә сыныптары жұмыс істейді. Барлығы – 11 сынып-комплект. Оқу процесі бес күндік оқу аптасы бойынша ұйымдастырылады.

7–9 сыныптардың оқу жұмыс жоспары №500 бұйрықтың 63-қосымшасы, ал 10–11 сыныптардың жаратылыстану-математикалық бағыттағы оқу жұмыс жоспары №500 бұйрықтың 67-қосымшасы негізінде әзірленді.

Мамандандырылған компонент білім алушылардың жеке қабілеттерін анықтау мен дамытуға, пәндерді тереңдетіп оқытуға, ғылыми-зерттеу және жобалық қызметке тартуға, олимпиадалық резерв қалыптастыруға бағытталған. Қосымша сағаттар пән мазмұнын механикалық көбейту үшін емес, күрделілігі жоғары тапсырмаларды орындау, зерттеу жүргізу, деректерді талдау, модельдеу және білімді жана жағдаятта қолдану дағдыларын дамыту үшін пайдаланылады.

7–9 сыныптардағы мамандандырылған компонент

7–9 сыныптарда инварианттық бөліктегі мамандандырылған компонентке әр сыныпқа аптасына 7 сағаттан бөлінеді: алгебра – 2 сағат; физика – 1 сағат; химия – 1 сағат; информатика және жасанды интеллект – 1 сағат; география – 1 сағат; биология – 1 сағат.

Алгебраға бөлінген қосымша сағаттар математикалық сауаттылықты дамытуға, күрделілігі жоғары және стандартты емес есептерді шешуге, математикалық модель құруға, шешім жолын негіздеуге және дәлелдеуге бағытталады.

Физика пәніндегі қосымша сағаттар физикалық заңдылықтарды терең түсінуге, есептер шығару, тәжірибелік жұмыстар, бақылау және модельдеу арқылы құбылыстарды ғылыми тұрғыдан түсіндіруге бағытталады.

Химия пәнінде химиялық заңдылықтарды терең меңгеру, сандық және сапалық есептерді шешу, реакция теңдеулерін қолдану, химиялық үдерістерді талдау және тәжірибелік-зерттеушілік дағдыларды дамыту көзделеді.

Биология пәнінде тірі ағзалар мен биологиялық үдерістерді зерттеу, биологиялық деректерді талдау, ғылыми болжам жасау, дәлелдерді салыстыру және зерттеу нәтижелерін қорытындылау дағдылары дамытылады.

География пәнінде кеңістіктік ойлау, картографиялық материалдармен, статистикалық және географиялық деректермен жұмыс жасау, табиғи және әлеуметтік-экономикалық үдерістерді салыстыру мен талдау дағдылары қалыптастырылады.

Информатика және жасанды интеллект пәніндегі қосымша сағаттар алгоритмдік ойлау, программалау, ақпаратты іздеу, өңдеу және талдау, цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект құралдарын тиімді қолдану дағдыларын дамытуға бағытталады.

7–8 сыныптарда инварианттық оқу жүктемесі аптасына 31 сағат, 9-сыныптарда 32 сағат болып белгіленген. 7А, 7Ә, 7Б сыныптарында химия және информатика пәндері ағылшын тілінде жүргізіледі және оқу процесін тиімді ұйымдастыру мақсатында аталған пәндер бойынша сыныптар топтарға бөлінеді.

7–9 сыныптардағы вариативтік компонент

7–8 сыныптарда вариативтік компонентке аптасына 0,5 сағаттан, 9-сыныптарда 1 сағаттан бөлінеді. Оның мазмұны «Конституция негіздері» және «Жеке қауіпсіздік» бағыттарын қамтиды.

«Конституция негіздері» білім алушылардың Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысының негізгі қағидаларын, адамның және азаматтың құқықтары мен міндеттерін түсінуіне, құқықтық сауаттылығы мен азаматтық жауапкершілігін қалыптастыруға бағытталған.

«Жеке қауіпсіздік» курсының мазмұны күнделікті өмірдегі ықтимал қауіп-қатерлерді анықтау, олардың алдын алу, қауіпсіз мінез-құлық нормаларын сақтау, төтенше және күрделі жағдайларда жауапты шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыруға бағытталады.

7–9 сыныптардағы элективті курстар және жеке, топтық жұмыстар

Элективті курстар мен жеке және топтық жұмыстарға әр сыныпта аптасына 4 сағаттан бөлінеді. Курстар білім алушылардың пәндік білімін кеңейтуге, тереңдетуге, зерттеушілік және олимпиадалық даярлығын күшейтуге бағытталған. (ҒӨК 1 хаттамасы №1 отырысының 24.08.2026 жылғы) хаттамасымен қарастырылған.

7 «А», 7 «Ә», 7 «Б» сыныптарында:

– «Химиядан есептер шығару» – аптасына 1 сағат оқу жылында 34 сағатты құрайды. (Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы облыстық әдістемелік кеңес жанындағы сараптамалық II отырыстың 2026 жылғы 30 сәуірдегі №4 хаттамасымен бекітілген, 2026 жылғы 30 сәуірдегі №332 хат негізінде., авторы Бужбанова Р.К.) «Химиядан есептер шығару» курсы химиялық формулалар мен реакция теңдеулерін қолдану, сандық және сапалық есептерді талдау, тиімді шешу тәсілдерін таңдау және күрделілігі жоғары тапсырмаларды орындау дағдыларын қалыптастырады..

– «Иммунология» – 1 сағат оқу жылында 34 сағатты құрайды (Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы облыстық әдістемелік кеңес жанындағы сараптамалық II отырыстың 2026 жылғы 30 сәуірдегі №4 хаттамасымен бекітілген, 2026 жылғы 30 сәуірдегі №332 хат негізінде., авторы Калданбекова А.Д.) «Иммунология» адамның иммундық жүйесінің құрылысы мен қызметін, иммунитет түрлерін, ағзаның қорғаныш механизмдерін терең меңгеруге және биологиялық зерттеушілік ойлауды дамытады..

– «Графтар теориясы» 7 «А», 7 «Ә» сыныптарында – 1 сағаттан оқу жылында 34 сағатты құрайды, (ҒӨК 1 хаттамасы 24.08.2026 ж., авторлары Жумағалиева Г.Н., Абжаппар Н.Б.) бағдарлама алгоритмдік және логикалық ойлауды дамытуға, графтар арқылы есептерді модельдеуге, байланыстарды анықтауға және алгоритмдік шешімдерді іздеуге бағытталған.

– «Физикалық есептерді шығару практикумы» – 7 «А»-1сағат, оқу жылында 34 сағат, 7 «Ә», 7 «Б» 2 сағаттан оқу жылында 68 сағатты құрайды (ҒӨК 1 хаттамасы 24.08.2026 ж. авторы Амандыкова М.Е.) бағдарлама физикалық заңдар мен формулаларды есептерді шешуде қолдануға, есеп шартын талдауға, физикалық модель құруға және күрделілігі жоғары есептерді шешуге бағытталған.

8 «А», 8 «Ә» сыныптарында:

– «Мектептегі жазуды жанрлық тәсілмен оқыту» – 1 сағаттан оқу жылында 34 сағатты құрайды (Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы облыстық әдістемелік кеңес жанындағы сараптамалық II отырыстың 2026 жылғы 30 сәуірдегі №4 хаттамасымен бекітілген, 2026 жылғы 30 сәуірдегі №332 хат негізінде., авторы Кульмаганбетова Ж.Т.) бағдарлама әртүрлі мәтін жанрларының ерекшеліктерін меңгертуге, жанр талаптарына сәйкес сауатты, құрылымды және мазмұнды мәтін жазу дағдыларын қалыптастырырады.

– «Графтар теориясы» – 1 сағаттан оқу жылында 34 сағатты құрайды, (ҒӨК 1 хаттамасы 24.08.2026 ж.автор Жумағалиева Г.Н.) Курс алгоритмдік және логикалық ойлауды дамытуға, графтар арқылы есептерді модельдеуге, байланыстарды анықтауға және алгоритмдік шешімдерді іздеуге бағытталған.

– «Физикалық есептерді шығару практикумы» – 8 «А» сыныбында аптасына 1 сағаттан оқу жылында 34 сағат (ҒӨК 1 хаттамасы 24.08.2026 ж.автор Амандыкова М.Е.), 8 «Ә» аптасына 1 сағаттан оқу жылында 34 сағат (ҒӨК 1 хаттамасы 24.08.2026 ж.автор Амандыкова М.Е.). бағдарлама физикалық заңдар мен формулаларды есептерді шешуде қолдануға, есеп шартын талдауға, физикалық модель құруға және күрделілігі жоғары есептерді шешуге бағытталған.

– «Географиялық есептер шығару» – 8 «А» сыныбында 1 сағаттан оқу жылында 34 сағат, (ҒӨК 1 хаттамасы 24.08.2026 ж.автор Саликова Д.У.) бағдарлама географиялық құбылыстар мен нысандарға қатысты сандық мәліметтерді пайдаланып, есептеу, салыстыру және талдау арқылы нақты қорытынды жасау дағдыларын дамытады.

– «Химиядан есептер шығару» – 8 «Ә» сыныбында аптасында 1 сағат оқу жылында 34 сағат, (Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы облыстық әдістемелік кеңес жанындағы сараптамалық II отырыстың 2026 жылғы 30 сәуірдегі №4 хаттамасымен бекітілген, 2026 жылғы 30 сәуірдегі №332 хат негізінде., авторы Бужбанова Р.К.) Курс химиялық формулалар

мен реакция теңдеулерін қолдану, сандық және сапалық есептерді талдау, тиімді шешу тәсілдерін таңдау және күрделілігі жоғары тапсырмаларды орындау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

– «Өсімдіктер морфологиясы мен физиологиясы» – 1 сағаттан аптасына 34 , (Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы облыстық әдістемелік кеңес жанындағы сараптамалық II отырыстың 2026 жылғы 30 сәуірдегі №4 хаттамасымен бекітілген, 2026 жылғы 30 сәуірдегі №332 хат негізінде ., авторы Мукашева А.Б.)

9 «А», 9 «Ә» сыныптарында:

– «Химиядан есептер шығару» – 9 «А» сыныбында 1 сағаттан 34 сағат , (ҒӘК 1 хаттамасы 24.08.2026 ж.авторы Мұқатай М.) 9 «Ә» сыныбында 1 сағаттан аптасына 34 сағат(Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы облыстық әдістемелік кеңес жанындағы сараптамалық II отырыстың 2026 жылғы 30 сәуірдегі №4 хаттамасымен бекітілген, 2026 жылғы 30 сәуірдегі №332 хат негізінде ., авторы Бужбанова Р.К.), «Иммунология» – 9 «А», 9 «Ә» сыныптарында 1 сағаттан оқу жылында 34 сағат , (Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы облыстық әдістемелік кеңес жанындағы сараптамалық II отырыстың 2026 жылғы 30 сәуірдегі №4 хаттамасымен бекітілген, 2026 жылғы 30 сәуірдегі №332 хат негізінде ., авторы Қалданбекова А.Д.), – «Графтар теориясы» – аптасына 2 сағат оқу жылында 68 сағаттан , (ҒӘК 1 хаттамасы 24.08.2026 ж., автор Жумағалиева Г.Н.) Курс алгоритмдік және логикалық ойлауды дамытуға, графтар арқылы есептерді модельдеуге, байланыстарды анықтауға және алгоритмдік шешімдерді іздеуге қалыптастырады.

Осылайша, элективті курстар мен жеке және топтық жұмыстарды қоса есептегенде 7–8 сыныптардың вариативтік оқу жүктемесі 4,5 сағат, ең жоғары апталық оқу жүктемесі 35,5 сағат; 9-сыныптардың вариативтік оқу жүктемесі 5 сағат, ең жоғары апталық оқу жүктемесі 37 сағатты құрайды.

7–9 сыныптардағы шығармашылық және ғылыми-зерттеушілік жұмыстар

Білім алушылардың шығармашылық, техникалық, мәдени, спорттық және зерттеушілік қабілеттерін дамыту мақсатында оқу жұмыс жоспарында арнайы компонент қарастырылған. Бұл бағыттағы жұмыстар оқушының пәндік жетістігімен қатар, оның шығармашылық бастамасын, командалық жұмысын, коммуникациясын, ұлттық мәдениетке қызығушылығын және салауатты өмір салтын қолдауға бағытталған.

«Үстел теннисі» – 7 сағат; «Шеберлік және технология» – 7 сағат; «Домбыра сазы» – 4 сағат; «Робототехника» – 6 сағат. «Ағылшын тілі» – 4 сағат;

«Үстел теннисі» дене белсенділігі мен салауатты өмір салтын қалыптастыруға; «Шеберлік және технология» шығармашылық ойлау мен технологиялық дағдыларды дамытуға; «Домбыра сазы» ұлттық өнер мен мәдени мұраға қызығушылықты арттыруға; «Робототехника» инженерлік және алгоритмдік ойлауды дамытуға; «Ағылшын тілі» тілдік-коммуникативтік дағдыларды жетілдіруге бағытталған.

7–9 сыныптардағы дарынды балалармен жұмыс

Дарынды білім алушылардың жеке қабілеттерін дамыту, пәндік олимпиадаларға, ғылыми жобаларға және зияткерлік сайыстарға мақсатты даярлау үшін 1500 сағат есебінен жоғары білікті мамандармен шарттық негізде жекелеген курстар мен дәрістер ұйымдастырылады.

«Химия пәнінен олимпиадаға дайындық» – 6 сағат;

«Физикадан олимпиадаға дайындық» – 5 сағат;

«Қазақ тілінен олимпиадаға дайындық» – 1 сағат;

«Биологиялық есептер» – 8 сағат;

«Математикадан олимпиадаға дайындық»-4 сағат;

«Информатика пәнінен олимпиадаға дайындық» – 3 сағат;

«География пәнінен олимпиадаға дайындық» – 1 сағат;

Олимпиадалық даярлық барысында пәндік білімді тереңдетуге, күрделі және стандартты емес тапсырмаларды шешуге, логикалық және шығармашылық ойлауға, өздігінен білім алуға, шешім стратегияларын салыстыруға және нәтижені талдауға басымдық беріледі.

10–11 сыныптарда оқу процесін ұйымдастыру



10–11 сыныптарда білім беру процесі жаратылыстану-математикалық бағытта жалғастырылып, білім алушылардың бейіндік білімін тереңдетуге, жоғары оқу орнына академиялық даярлығын қалыптастыруға және болашақ мамандығын саналы таңдауына жағдай жасауға бағытталады.

Әр сыныпта инварианттық бөліктегі мамандандырылған компонентке аптасына 4 сағаттан бөлінеді. Мамандандырылған компонент биология, химия, география және физика пәндерінің мазмұнын тереңдетуге бағытталған. Бейіндік пәндерді тереңдету барысында білім алушылар теориялық білімдерін практикалық және зерттеушілік міндеттерді шешуде қолданады, ғылыми деректерді талдайды, модельдер құрады және қорытынды жасау дағдыларын жетілдіреді.

10–11 сыныптардың әрқайсысында инварианттық оқу жүктемесі 31 сағатты құрайды. Вариативтік компонентке аптасына 1 сағат бөлінеді: «Заң мен Тәртіп» – 0,5 сағат; «Жеке қауіпсіздік» – 0,5 сағат.

«Заң мен Тәртіп» білім алушылардың құқықтық мәдениетін, заң талаптарына құрметін, азаматтық жауапкершілігін және қоғамдағы құқықтық нормаларды саналы сақтау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. «Жеке қауіпсіздік» қауіп-қатерді бағалау, оның алдын алу, қауіпсіз шешім қабылдау және өзінің әрі айналасындағы адамдардың қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарау дағдыларын қалыптастырады.

10–11 сыныптардағы элективті курстар

10–11 сыныптардың әрқайсысында элективті курстарға аптасына 6 сағаттан бөлінеді. Элективті курстар (ҒӘК 1 хаттамасы 24.08.2026 ж.) хаттамасымен қарастырылған.

10 «А», 10 «Ә» сыныптарында:

«АКТ негіздері» – аптасына 2 сағаттан (ҒӘК 1 хаттамасы 24.08.2026 авторы Жумағалиева Г.Н.) бағдарлама цифрлық технологияларды тиімді қолдану, ақпаратты іздеу, өңдеу, сақтау және ұсыну дағдыларын жетілдіреді.

– «Химиялық есептерді шығару» – аптасына 1 сағаттан оқу жылында 34 сағат, (Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы облыстық әдістемелік кеңес жанындағы сараптамалық II отырыстың 2026 жылғы 30 сәуірдегі №4 хаттамасымен бекітілген, 2026 жылғы 30 сәуірдегі №332 хат негізінде., авторы Бужбанова Р.К.), бағдарлама химиялық заңдылықтарды кешенді қолдануға, күрделілігі жоғары есептерді шешуге және олимпиадалық тапсырмалармен жұмыс жасауға бағыттайды.

«Физика-техникалық модельдеу» – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат (ҒӘК 1 хаттамасы 24.08.2026 ж. авторы Амандыкова М.Е.) бағдарлама физикалық құбылыстар мен техникалық үдерістерді модельдеу арқылы инженерлік ойлау, жобалау және практикалық дағдыларды дамытады.

«Ядролық физика» – аптасына 1 сағаттан оқу жылында 34 сағат, (ҒӘК 1 хаттамасы 24.08.2026 ж. авторы Амандыкова М.Е.) бағдарлама атом ядросының құрылысы, радиоактивтілік, ядролық реакциялар және ядролық физиканың қолданбалы маңызы туралы білімді тереңдетуге бағытталған. «Физикалық модельдеу және есептер» – аптасына 1 сағат, (ҒӘК 1 хаттамасы 24.08.2026 ж. авторы Тұрсынқызы Д.) бағдарлама физикалық үдерістерді модельдеу, күрделі есептерді талдау және әртүрлі шешу тәсілдерін қолдану арқылы физикалық ойлауды дамытады.

11 «А», 11 «Ә» сыныптарында:

«АКТ негіздері» – аптасына 2 сағаттан жылдық 68 сағатты құрайды., (ҒӘК 1 хаттамасы 24.08.2026 ж. авторы Жумағалиева Г.Н.) бағдарлама цифрлық технологияларды тиімді қолдану, ақпаратты іздеу, өңдеу, сақтау және ұсыну дағдыларын жетілдіреді. «Химиялық есептерді шығару» – аптасына 1 сағаттан оқу жылында 34 сағатты құрайды, (ҒӘК 1 хаттамасы 24.08.2026 ж. авторы Бужбанова Р.К.) бағдарлама химиялық заңдылықтарды кешенді қолдануға, күрделілігі жоғары есептерді шешуге және олимпиадалық тапсырмалармен жұмыс жасауға бағытталған. «Физика-техникалық модельдеу» – аптасына 1 сағаттан, (ҒӘК 1 хаттамасы 24.08.2026 ж. авторы Тойшыбекова Д.Ж.) бағдарлама физикалық құбылыстар мен техникалық үдерістерді модельдеу арқылы инженерлік ойлау, жобалау және практикалық дағдыларды дамытуға бағытталған. «Ақпараттық жүйелермен жұмыс» – аптасына 2 сағаттан,

(ҒӘК 1 хаттамасы 24.08.2026 ж.авторы Жумағалиева Г.Н.) бағдарлама ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу, іздеу және тарату үшін ақпараттық жүйелер мен цифрлық технологияларды тиімді пайдалану дағдыларын қалыптастырады.

10–11 сыныптарда вариативтік оқу жүктемесі әр сыныпта 7 сағатты, ең жоғары апталық оқу жүктемесі 38 сағатты құрайды.

10–11 сыныптарда бейіндік пәндерді тереңдетіп оқытуға бағытталған компонент

10 «А» сыныбында: «Программалау негіздері» – аптасына 1 сағаттан оқу жылында 34 сағат, (ҒӘК 1 хаттамасы 24.08.2026 ж. Абжаппар Н.Б.); «Жасушалық биология негіздері» – аптасына 3 сағат, (Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы облыстық әдістемелік кеңес жанындағы сараптамалық II отырыстың 2026 жылғы 30 сәуірдегі №4 хаттамасымен бекітілген, 2026 жылғы 30 сәуірдегі №332 хат негізінде, авторы Мукашева А.Б.) **10 «Ә» сыныбында:** «Молекулярлық химия» – аптасына 2 сағат, «Кинетикалық химия» – аптасына 2 сағат (ҒӘК 1 хаттамасы 24.08.2026 ж.Мұқатай М.);

11 «А», 11 «Ә» сыныптарында:

«Тереңдетілген физика» – 11 «А» 1 сағаттан, 11 «Ә» 2 сағаттан, (ҒӘК 1 хаттамасы 24.08.2026 ж.авторы Тұрсынқызы Д); «Биология» – аптасына 3 сағаттан, (ҒӘК 1 хаттамасы 24.08.2026 ж. Тұрсынқызы Д); «Қолданбалы физика және инженерлік есептер» – аптасына 2 сағаттан оқу жылында 68 сағат (ҒӘК 1 хаттамасы 24.08.2026 ж.);

Бұл компонент білім алушылардың таңдаған пәндері бойынша білімін одан әрі тереңдетуге, ғылыми-танымдық дағдыларын дамытуға және пәндік олимпиадаларға даярлауға бағытталған. «Программалау негіздері» алгоритмдік ойлау мен программалық шешімдерді әзірлеуге; «Тереңдетілген физика» күрделі физикалық заңдылықтар мен есептерді меңгеруге; «Жасушалық биология» жасушада жүретін үдерістерді терең зерттеуге; «Молекулярлық химия» заттардың құрылысы мен қасиеттерін молекулалық деңгейде түсіндіруге бағытталған. Бағдарлама мазмұны оқу жұмыс жоспарындағы атауларына сәйкес бейіндік білімді тереңдетуге қызмет етеді.

10–11 сыныптардағы шығармашылық және ғылыми-зерттеушілік жұмыстар аптасына:

«Үстел теннисі» – 4 сағат; «Ағылшын тілі» – 2 сағат; «Домбыра сазы» – 2 сағат; «Робототехника» – 1 сағат, «Тоғызқұмалақ» – 2 сағат; «Дебат» – 5 сағат.

Бұл жұмыстар білім алушылардың дене белсенділігін, ұлттық құндылықтарға қызығушылығын, шығармашылық қабілетін, инженерлік-техникалық ойлауын, сөйлеу мәдениетін, дәлелді пікір айту және командада жұмыс жасау дағдыларын дамытуға бағытталады.

10–11 сыныптардағы дарынды балалармен жұмыс

«Химия пәні бойынша олимпиадаға дайындық» – 3 сағат;

«Математикадан олимпиадаға дайындық» – 3 сағат;

«Биологиядан олимпиадаға дайындық» – 4 сағат;

«Қазақ тілінен олимпиадаға дайындық» – 1 сағат

«Ағылшын тілінен олимпиадаға дайындық» – 2 сағат;

«Информатика пәнінен олимпиадаға дайындық» – 3 сағат;

Дарынды білім алушыларды пәндік олимпиадаларға және жоғары деңгейдегі зияткерлік сайыстарға даярлау барысында күрделі және стандартты емес тапсырмаларды шешу, пәндік теорияны терең меңгеру, дәлелдеу, талдау, зерттеу және өзіндік жұмыс дағдыларына басымдық беріледі.

Өмір қауіпсіздігі негіздері

Өмір қауіпсіздігі негіздерін оқыту білім алушылардың өмірі мен денсаулығын қорғауға, қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруға және төтенше жағдайларда дұрыс әрекет ету дағдыларын дамытуға бағытталады. Өмір қауіпсіздігі негіздерінің оқу мазмұны сынып сағаттары шеңберінде, ал 10–11 сыныптарда «Бастапқы әскери даярлық» оқу пәнінің мазмұны аясында жүзеге асырылады. Күнделікті тұрмыстағы, жолдағы, өрт кезіндегі және төтенше жағдайлардағы қауіпсіздікке, алғашқы көмек көрсету дағдыларына, жеке және ұжымдық қауіпсіздік ережелерін сақтауға назар аударылады.

2026–2027 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспары мектептің мамандандырылған бағытын, білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктерін, қабілеттері мен білім алу қажеттіліктерін ескере отырып әзірленді. Инварианттық және вариативтік компоненттер, элективті курстар, бейіндік пәндерді тереңдетіп оқытуға бағытталған компонент, шығармашылық және ғылыми-зерттеушілік жұмыстар, сондай-ақ 1500 сағат есебінен ұйымдастырылатын олимпиадалық даярлық өзара сабақтастықта жүзеге асырылады.

Оқу жұмыс жоспары білім алушыларға сапалы білім беруге, олардың зияткерлік және шығармашылық әлеуетін ашуға, ғылыми-зерттеушілік мәдениетін қалыптастыруға, функционалдық сауаттылығын дамытуға және жоғары нәтижелерге қол жеткізуіне жағдай жасауға бағытталған және белгіленген тәртіппен бекітіледі.

Мектеп директоры:



Ж. Кульмаганбетова

Орындаған — директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары *А.Б. Мукашева* А.Б.

А.Б. Мукашева

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің
2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы
63-қосымша**

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сынып бойынша апталық сағат саны							Жалпы жүктеме, сағат	
		7 А	7 Ә	7 Б	8 А	8 Ә	9 А	9 Ә	апталық	жылдық
Инварианттық компонент										
I	Тіл және әдебиет	10	10	10	10	10	10	10	70	2380
1	Қазақ тілі	2	2	2	2	2	2	2	14	476
2	Қазақ әдебиеті	2	2	2	2	2	2	2	14	476
3	Орыс тілі мен әдебиеті	3	3	3	3	3	3	3	21	714
4	Шетел (ағылшын) тілі	3	3	3	3	3	3	3	21	714
II	Математика және информатика	4	4	4	4	4	4	4	28	952
5	Алгебра	2	2	2	2	2	2	2	14	476
6	Геометрия	1	1	1	1	1	1	1	7	238
7	Информатика және жасанды интеллект	1	1	1	1	1	1	1	7	238
III	Жаратылыстану	4	4	4	4	4	4	4	28	952
8	Физика	1	1	1	1	1	1	1	7	238
9	Химия	1	1	1	1	1	1	1	7	238
10	Биология	1	1	1	1	1	1	1	7	238
11	География	1	1	1	1	1	1	1	7	238
IV	Адам және қоғам	2	2	2	2	2	3	3	16	544
12	Қазақстан тарихы	1	1	1	1	1	1	1	7	238
13	Дүниежүзі тарихы	1	1	1	1	1	1	1	7	238
14	Құқық негіздері						1	1	2	68
V	Технология және өнер	1	1	1	1	1	1	1	7	238
15	Көркем еңбек	1	1	1	1	1	1	1	7	238
VI	Дене шынықтыру	3	3	3	3	3	3	3	21	714
16	Дене шынықтыру	3	3	3	3	3	3	3	21	714
Инварианттық бөліктегі мамандандырылған компонент		7	7	7	7	7	7	7	49	1666
1	Алгебра	2	2	2	2	2	2	2	14	476
2	Физика	1	1	1	1	1	2	2	9	306
3	Химия	1	1	1	1	1	1	1	7	238
4	Информатика және жасанды интеллект	1	1	1	1	1			5	170
5	География	1	1	1	1	1	1	1	7	238
6	Биология	1	1	1	1	1	1	1	7	238
Инварианттық оқу жүктемесі		31	31	31	31	31	32	32	219	7446
Вариативтік компонент										
		0,5	0,5	0,5	0,5	0,5	1	1	4,5	153
1	Конституция негіздер	0,25	0,25	0,25	0,25	0,25	0,5	0,5	2,25	76,5
2	Жеке қауіпсіздік	0,25	0,25	0,25	0,25	0,25	0,5	0,5	2,25	76,5

Элективті курстар										
Жеке және топтық жұмыс		4	4	4	4	4	4	4	28	952
1	Химиядан есептер шығару	1	1	1		1	1	1	6	204
2	Мектептегі жазуды жанрлық тәсілмен оқыту				1				1	34
3	Иммунология	1	1	1			1	1	5	170
4	Өсімдіктер морфологиясы мен физиологиясы»					1			1	34
5	Графтар теориясы	1	1		1		2	2	7	238
6	Физикалық есептерді шығару практикумы	1	2	2	1	2			8	272
7	Географиялық есептер шығару				1				1	34
Вариативті оқу жүктемесі		4,5	4,5	4,5	4,5	4,5	5	5	32,5	1105
Ең жоғарғы оқу жүктемесі		35,5	35,5	35,5	35,5	35,5	37	37	251,5	8551

Оқушылардың шығармашылық және ғылыми-зерттеушілік қабілеттерін дамытуға бағытталған компонент (0,25) мөлшерлеме есебінен

№		Сынып бойынша апталық сағат саны							Жалпы жүктеме, сағат	
		7 А	7 Ә	7 Б	8 А	8 Ә	9 А	9 Ә	апталық	жылдық
1	Үстел теннисі	1	1	1	1	1	1	1	7	238
2	Шеберлік және технология	1	1	1	1	1	1	1	7	238
3	Ағылшын тілі				1	1	1	1	4	136
4	Домбыра сазы	1	1	1			1		4	136
5	Робототехника	1	1	1	1	1		1	6	204
Барлығы		4	4	4	4	4	4	4	28	952

Дарынды балалар үшін 1500 сағат есебінен жоғары білікті мамандармен шарттық негізде жекелеген курстар мен дәрістер

Курс атауы	7 А	7 Ә	7 Б	8 А	8 Ә	9 А	9 Ә	апталық	жылдық
Химия пәнінен олимпиадаға дайындық	1	1		1	1		1	5	170
Физикадан олимпиадаға дайындық	1	1	1	1		1		5	170
Қазақ тілінен олимпиадаға дайындық	1							1	34
Биологиялық есептер	1	1	1	2	1	1	1	8	272
Математикадан олимпиадаға дайындық		1	1			1	1	4	136
Ағылшын тілінен олимпиадаға дайындық					1			1	34
Информатика пәнінен олимпиадаға дайындық			1		1		1	3	102
География пәнінен олимпиадаға дайындық						1		1	34
Барлығы	4	4	4	4	4	4	4	28	952

Анжия

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің
2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы
67-қосымша**

№	Оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағаттар саны				Жалпы жүктеме	
		10 А	10 Ә	11А	11Ә	апталық	жылдық
Инварианттық компонент							
1	Қазақ тілі	1	1	1	1	4	136
2	Қазақ әдебиеті	2	2	2	2	8	272
3	Орыс тілі мен әдебиеті	2	2	2	2	8	272
4	Шетел тілі	2	2	2	2	8	272
5	Алгебра және анализ бастамалары	3	3	3	3	12	408
6	Геометрия	2	2	2	2	8	272
7	Информатика және жасанды интеллект	2	2	2	2	8	272
8	Физика	2	2	2	2	8	272
9	Химия	1	1	1	1	4	136
10	Биология	1	1	1	1	4	136
11	География	1	1	1	1	4	136
12	Қазақстан тарихы	2	2	2	2	8	272
13	Дүниежүзі тарихы	1	1	1	1	4	136
14	Құқық негіздері	1	1	1	1	4	136
15	Дене шынықтыру	3	3	3	3	12	408
16	Бастапқы әскери даярлық	1	1	1	1	4	136
Инварианттық бөліктегі мамандандырылған компонент		4	4	4	4	16	544
1	Биология	2	2	1	1	6	204
2	Химия	1	1	1	1	4	136
3	География	1	1	1	1	4	136
4	Физика			1	1	2	68
Инварианттық оқу жүктемесі		31	31	31	31	62	4216
Вариативтік компонент							
		1	1	1	1	4	136
1	Заң мен Тәртіп	0,5	0,5	0,5	0,5	2	68
2	Жеке қауіпсіздік	0,5	0,5	0,5	0,5	2	68
Элективті курс		6	6	6	6	24	816
1	АКТ негіздері	2	2	2	2	8	272
2	Химиялық есептерді шығару	1	1	1	1	4	136
3	Физика-техникалық модельдеу	1	1	1	1	4	136
4	Ядролық физика	1	1			2	68
5	Физикалық модельдеу және есептер	1	1			2	68
6	Ақпараттық жүйелермен жұмыс			2	2	4	136
Вариативті оқу жүктемесі		7	7	7	7	28	952
Ен жоғарғы оқу жүктемесі		38	38	38	38	152	5168

Бейіндік пәндерді тереңдетін оқытуға бағытталған компонент

	Курс атауы	10 А	10Ә	11 А	11 Ә	Апталық жүктеме	жылдық
1	Программалау негіздері	1				1	34
2	Тереңдетілген физика			1	2	3	102
3	Қолданбалы физика және инженерлік есептер				2	2	68
4	Жасушалық биология	3				3	102
5	Молекулярлық химия		2			2	68
6	Кинетикалық химия		2			2	68
7	Биология			3		3	102
	Барлығы	4	4	4	4	16	544

Оқушылардың шығармашылық және ғылыми-зерттеушілік қабілеттерін дамытуға бағытталған компонент

	Курс атауы	10 А	10Ә	11 А	11 Ә	Апталық жүктеме	жылдық
1	Үстел теннисі	1	1	1	1	4	136
2	Ағылшын тілі	1	1			2	68
3	Тоғызқұмалақ			1	1	2	68
4	Домбыра сазы	1	1			2	68
5	Робототехника	1				1	34
6	Дебат		1	2	2	5	170
	Барлығы	4	4	4	4	16	544

Дарынды балалар үшін 1500 сағат есебінен жоғары білікті мамандармен шарттық негізде өткізілетін жекелеген курстар мен дәрістер

Курс атауы	10 А	10Ә	11 А	11 Ә	Апталық жүктеме	Жылдық жүктеме
Химия пәні бойынша олимпиадаға дайындық	1		1	1	3	102
Математикадан олимпиадаға дайындық	1	1		1	3	102
Қазақ тілінен олимпиадаға дайындық		1			1	34
Биологиядан олимпиадаға дайындық	1	1	1	1	4	136
Ағылшын тілінен олимпиадаға дайындық		1	1		2	68
Информатика пәнінен олимпиадаға дайындық	1		1	1	3	102
Барлығы	4	4	4	4	16	544

Handwritten signature